

## **Азаматтардың мемлекеттік қызметке кіру кезінде алған табысы мен мүлкі жөнінде декларация тапсыру тәртібі туралы Нұсқаулық**

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1996 жылғы 26 тамыздағы N 193. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 8 қазанда N 206 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2002 жылғы 5 сәуірдегі N 146 бұйрығымен.

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығына U952730\_ сәйкес азаматтар мемлекеттік қызметке кіру немесе мемлекеттік қызмет бойынша ауысу кезінде салық салу объектісі болып табылатын алған табыстары мен жеке меншік құқығына жататын мүлкі туралы мәліметтерді салық органдарына тапсыруға міндетті. Аталған мәліметтер салық қызмет органдарының қызметтік құпиясы б о л ы п т а б ы л а д ы .

1. Азаматтар мемлекеттік қызметке кіру немесе мемлекеттік қызмет бойынша ауысу кезінде салық салу объектісі болып табылатын алған табыстары мен жеке меншік құқығына жататын мүлкі туралы мәліметтерді тұрған жері (салықты тіркеу орны) бойынша салық қызметі органдарына тапсыруға міндетті.

2. Декларация осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес нысанда т а п с ы р ы л а д ы .

3. Декларация "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес салық салу объектілері болып табылатын, декларация берген күні азаматтардың жеке меншік құқығындағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 117-бабында анықталған қозғалатын және қозғалмайтын мүлік көрсетілуге тиіс.

4. Салық инспекциясы декларацияны қабылдаған соң 15 күн мерзімде декларацияның тапсырылғаны туралы осы Нұсқаулықтың N 2 қосымшасына сәйкес анықтаманы азаматтың мемлекеттік қызметке кірген немесе мемлекеттік қызмет бойынша ауысқан жеріне ұсынуға міндетті.

5. Азаматтардың жеке меншік құқығына жататын алған табыстары мен мүлкі туралы салық органдарына тапсырған декларацияда көрсетілген мәліметтер тиісті құжаттарды талап ету арқылы жүйелі түрде тексеріледі. Тапсырылған декларацияда дұрыс емес мәліметтер кездескен жағдайда азаматтарды шақырып, оны анықтау қажет және салық төлемеу белгілері байқалса, оны қосып есептеп,

а к т

ж а с а у

к е р е к .

6. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235 \_ Заң күші бар Жарлығының 175-бабына сәйкес азаматтардың декларацияда көрсеткен мәліметтерін салық қызметінің қызметкерлері құпия түрде сақтауға м і н д е т т і .

7. Декларацияларды қабылдау және тексеру басшының бұйрығымен анықталған салық қызметінің қызметкерлеріне жүктеледі, олар азаматтардың декларацияда көрсеткен мәліметтерінің сақталуына және жария болмауына ж а у а п б е р е д і .

8. Декларациялар олардың сақталу және құпиялық режимін қамтамасыз ету шарттарына жауап беретін арнайы бөлінген жерде сақталуға тиіс.

9. Азаматтардың декларацияда көрсеткен табыстары мен мүлкі туралы мәліметтер құқық қорғау, тексеру органдарының қаулысы бойынша және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өз қызметкерлік міндетін атқару мақсатында салық органдары құрылымдық бөлімшелері басшыларының сұрауы бойынша ғана беріледі.

10. Азаматтар декларацияда мәліметтердің дұрыс көрсетілуі үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Мемлекеттік салық комитетінің  
төрағасы, Салық қызметінің  
I дәрежелі мемлекеттік

кеңесшісі

**Қызмет бабында пайдалану үшін**

№ \_\_\_\_\_ н ы с а н  
Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Бас салық  
инспекциясының нұсқаулығына

№ қосымша

**Мемлекеттік қызметке кіретін азаматтың алған  
табысы мен мүлкі туралы**

**ДЕКЛАРАЦИЯ**